Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша
АНАЛИТИКАЛЫҚ АНЫҚТАМА

Көкшетау қаласының «Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша 2026 жылдың 3-тоқсанына арналған

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 488 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға, сондай – ақ Көкшетау қаласының «Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ директорының бұйрығына сәйкес жұмыс тобы Орталық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Талдаудың мақсаты – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау, сондай-ақ олардың алдын алу және жою жөніндегі шараларды әзірлеу.

1. Жалпы ақпарат

Көкшетау қаласының «Арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» КММ мүгедектігі бар балаларға және психоневрологиялық аурулары бар балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін мемлекеттік мекеме болып табылады.

Қызметтің негізгі бағыттары:

- арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- медициналық, педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік қызметтер ұсыну;
- тұру және күтім жасау жағдайларын қамтамасыз ету;
- тамақтандыруды ұйымдастыру;
- техникалық құралдармен және жабдықтармен қамтамасыз ету;
- мемлекеттік органдармен, заңды өкілдермен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс – қимыл жасау.

2. Ішкі талдау объектілері

- Ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүргізілді:
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет;
- кадр жұмысы;
- мемлекеттік сатып алу;
- бюджет қаражатын пайдалану;
- арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау.

3. Талдау нәтижелері

3.1. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет

Қызметкерлердің функционалдық міндеттерінің бөлінуіне талдау жүргізілді.

Өкілеттіктердің қайталануына немесе негізсіз дискрециялық өкілеттіктердің берілуіне байланысты сыбайлас жемқорлық факторлары анықталған жоқ.

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары өзектендірілген, өкілеттіктері нақты ажыратылған.

3.2. Кадр мәселелері

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру, көтермелеу және тәртіптік жауапкершілікке тарту рәсімдері тексерілді.

Негізсіз тағайындау, конкурстық рәсімдерді бұзу және мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Қызметтік әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

3.3. Мемлекеттік сатып алу

Мемлекеттік сатып алу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Негізгі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері:

мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі;

өнім берушілер арасындағы бәсекелестіктің жеткіліксіздігі;

тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қабылдау кезінде формальды тәсіл қолдану тәуекелі

Тәуекелдерді азайту мақсатында мәселелерді алқалы түрде қарау, шарттардың орындалуын бақылау және ашықтық қағидаттарын сақтау қамтамасыз етіледі.

3.4. Бюджет қаражатын пайдалану

Бюджет қаражаты мен материалдық құндылықтардың пайдаланылуына іріктеп талдау жүргізілді.

Бюджет қаражаты мен мүлікті мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жоқ.

3.5. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету

Талдау нәтижелері қызметтердің қолданыстағы стандарттарға сәйкес көрсетілетінін көрсетті.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері заңды өкілдердің өтініштерін қарау, гуманитарлық және демеушілік көмекті бөлу, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді жеткізушілермен өзара іс-қимыл жасау кезінде туындауы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу мақсатында шешімдерді алқалы түрде қабылдау, қажетті құжаттаманы жүргізу және әкімшілік тарапынан бақылау жүзеге асырылады.

3.6. Азаматтардың өтініштерімен жұмыс

Өтініштер заңнамада белгіленген мерзімдерде қаралады.

Өтініштерді қарау мерзімдерін бұзу және негізсіз бас тарту фактілері анықталған жоқ.

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне барынша бейім лауазымдар

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне барынша бейім лауазымдар:

- Орталық директоры;
- директордың орынбасары;
- бас бухгалтер;
- мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман;
- бөлім меңгерушілері;
- тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді қабылдауға қатысатын қызметкерлер;
- материалдық жауапты тұлғалар.

5. Қорытындылар

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша Орталық қызметінде жүйелі сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары анықталған жоқ.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, бюджет қаражатын пайдалану, материалдық құндылықтар мен қайырымдылық көмекті бөлу, сондай – ақ жекелеген басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдері сақталады.

Анықталған тәуекелдерді барынша азайту мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары әзірленді. Ол ішкі бақылауды жетілдіруді, Орталық қызметінің ашықтығын арттыруды, қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына оқытуды және профилактикалық жұмысты күшейтуді көздейді.

Осы аналитикалық анықтама сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобында қаралды және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген тәртіппен орналастырылуға жатады.

Орталық директоры: Тазабаева С.К.
Бас бухгалтер: Мурзахметов Д.Х.
Заңгер: Ажимуратова Ж.Т.
Кадр бөлімінің инспекторы: Сулейменова А. Б.
Әдіскер: Кайырбекова А. Ж.